

**Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
«Қамкоршылық кенес» отырысының  
Хаттамасы №3**

Жиналыстың откен мерзімі: 29.01.2024 ж.

Катыскандар: 12 адам

Откізу форматы: онлайн

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп-интернатының материалдық – техникалық базасын нығайту жолдары.
2. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалармен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға және т.б әлеуметтік көмек көрсету.
3. Окушылардың қала сыртындағы лагерьге баруын үйымдастыру

**Тындалды:**

1. Мектеп директоры Ж.Т.Ахмедов - еліміздегі ірі өзгерістер, қоғамдагы жаңалықтар білім ордаларында, мектептерде өз көрінісін тауып келетінін, тұғыры биік еліміздің ертеңінің бүгінгіден де жарқын болуы – рухы асқақ, енсесі биік, білімді де білікті ұрпақ колында екенін айтып өтті. Осы талап үдерісінен шығып, адам бойындағы ізгілік атаулыны қалыптастыратын ұлтты тәрбиелеудің кепілі – мектеп. Осындай білім ошағының бірі – Атбұлақ ауылында орналасқан мектебі дей келе - жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытылатын сыныптарда критериалды бағалау жүйесі енгізіліп, мектеп әкімшілігімен мұғалімдер тарапынан қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Критериалды бағалауды енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру және мектеп бітірушілердің білімін халықаралық сәйкестендіру – бұл мектеп мұғалімінің әрбірінің басты міндеті.

Мектебіміздің ұстаздары мен қызметкерлері отбасы тірлігі, мектептегі киын да қызықты еңбекті қосымша қоғамдық жұмыстармен де ұштастыра отырып, ауданымызда өтіп жатқан түрлі іс-шараларға да белсененділік танытып келеді деп айтЫП өтті. Сондай – ақ атқарылған жұмыстарға толық талдау жасай отырып, мектепте қордаланған мәселелерге тоқталып өтті. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында демеушілердің көмегімен 2 оқу кабинеттерінің едені мен оқу парталарының жөндеуден өткенін және жазғы демалыс кезінде спорт залды күрделі жөндеуден өткізетінін айтЫП өтті. Сонымен қатар оқу кабинеттеріне жаңа дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз ету жолдарын қарастырып, тозығы жеткен компьютерлердің орнына заман талабына сай жаңа компьютермен жабдықтау жолдарын қарастырып жатқандығын айтЫП өтті.

Мектеп әкімшілігі мектеп жұмысын дамытуда дұрыс болжам жасап, ұжымды ортақ мұддеге тоғыстыра білсе жетістікке жеткендігін, ұстаздардың өздерінің алдында үлкен міндеттер тұрғанын жауапкершілікпен сезініп, оқу-тәрбие процесінде қазіргі талапқа сай жоғары нәтижеге жету жолында ізденіспен еңбек етіп жатқандығын айтты.

Сондай – ақ атқарылған жұмыстарға толық талдау жасай отырып, мектепте қордаланған мәселелерге тоқталып өтті. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында демеушілердің көмегімен оку кабинеттерін жаңа дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз ету жолдарын қарастырып, тозығы жеткен компьютерлердің орнына заман талабына сай жаңа компьютермен жабдықтау жолдарын қарастырып жатқандығын айтып өтті.


2. Келесі сөзді ДТІЖО И.Бегайдароваға берді. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету. Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ оку жылына дайындық уақыты кезінде ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу. Мектеп жасындағы барлық балаларды орта білімен қамту проблемаларына жүртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту, және көмек қолын созуды ұйымдастыру екендігін нақты айтып өтті.

3. Әлеуметтік педагог Ж.Қ.Лесбаева сез алып, оқушылардың қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру барысында бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өтетін болатынын айтып өтті. Ондағы басты мақсат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Қала сыртындағы лагерінде сабак үлгермі үздік оқушылар ойын форматындағы қосымша сабактардан өтіп білімін шындалап, түрлі спорттық сайystарға қатысатын болады.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерьлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. Биыл сабак үлгерімі үздік және әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларды қала сыртындағы лагерьге жіберу жоспарланып отыр.

### Шешімі:

- Мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын нығайту күштілсін.
- Әлеуметтік осал топтан шыққан, отбасылық жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген жанұяның балаларына қажеттілігіне қарай көмек ұйымдастырылсын.
- Оқушылардың қала сыртындағы лагерьге баруы қамтамасыз етілсін.

Камкоршылық кеңесінің төрағасы :  Ж.Т.Ахмедов

Камкоршылық кеңесінің хатшысы:  Ж.Қ.Лесбаева

